

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ.  
тақырыбында**

**ДӘРІС**

**Әзірлеген: Ахашов А.Ғ.**

*ПӘС отырысында талқыланып, мақұлданды*

*№ хаттама. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_2016 ж.*

**ҚАРАҒАНДЫ 2016 ж**

## **Жоспар:**

### **КІРІСПЕ**

- 1. Қазақстан Республикасындағы табиғатты падалану құқығының ұғымы және мазмұны.**
- 2. Қазақстан Республикасындағы табиғатты падалану құқығының түрлері.**

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

## КІРІСПЕ

Құрметті курсанттар, жалпы меншік туралы айта отырып, меншік институты заң ғылымындағы ең көне институттардың бірі болып табылатының да айту керек және ол өзінің бастауын бүкіл адамзат дамуының басталғаннан пайда болды. Кез келген адам қоғамы меншіктің қандай бір нысанына ие болуды көксейді және атап айтқанда меншік өндірісті арттыру мен бүкіл нарықтық экономиканы дамыту үшін қозғаушы күш болып табылады. Табиғи ресурстар - бұл адамдарға адамзат қоғамының өмір сүруі мен тіршілігі үшін қажетті табиғи денелер мен табиғат құбылыстары. Басқаша айтсақ, табиғи ресурстар дегеніміз - өндіргіш күштердің даму деңгейіне сәйкес өндіру және тұтыну құралдары ретінде пайдаланатын табиғи компоненттер. Табиғат ресурстарына: жер, орман, су, жануарлар дүниесін т.б. жатқызамыз. Қазақстан Республикасы бүкіл дүние жүзіндегі табиғат ресурстарының қоры жағынан ең бай елдердің қатарына жатады. Табиғат объектілеріне меншік құқығы немесе тағы да оларды табиғат ресурстары деп атайтынындай, тек экологиялық құқықтың мәнін құрап қана қоймайды, сонымен бірге конституциялық, азаматтық, су, орман және жер құқығы сияқты бірнеше салаларын құрайды. Жалпы меншік құқығы дегеніміз не, соған қысқаша анықтама беріп кетсек. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 188 бабы бойынша меншік құқығы дегеніміз - субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Табиғат ресурстарына меншік құқығының мазмұны жоғарыда аталған үш заңдылық болып табылады: иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Иелену құқығы табиғат объектілеріне нақты иеленуді жүзеге асырудың заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады.

Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі. Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

## 1. Қазақстан Республикасындағы табиғатты пайдалану құқығының ұғымы және мазмұны.

Меншік туралы айта отырып, меншік институтының заң ғылымындағы ең көне институттардың бірі болып табылатынын да айту керек және ол өзінің бастауын бүкіл адамзат дамуынан алады. Кез келген адам қоғамда меншіктің қандай бір нысанына ие болуды көксейді және атап айта кететін болсақ, меншік өндірісті арттыру мен бүкіл нарықтық экономиканы дамыту үшін қозғаушы күш болып табылады. Табиғи ресурстарға меншік құқығы тек экологиялық құқықтың мәнін құрап қана қоймайды, сонымен бірге конституциялық, азаматтық, тау-кен, су, орман және жер құқығы сияқты құқықтың бірқатар басқа да салаларын құрайды.

Табиғи ресурстарға меншік түсінігі экономикалық және заңдылық аспектілерде қарастырылады.

Табиғи ресурстарға меншіктік экономикалық саясаты мемлекет пен құқықтық пайда болуына дейін туындаған. Экономикалық сападағы меншіктің басты белгісі иелену, яғни табиғи ресурстардың және тұлғаларға, топтарға жататындығы. Табиғи ресурстарға меншіктік заңдылық саясаты мемлекет пен құқықтық пайда болуымен қатар туындаған.

Табиғи ресурстарға меншік құқығын заңдылық аспектіде екі салада қарастыруға болады: құқықтық институт және иеленушілік құқықтарының жиынтығы ретінде, яғни объектілік құқық субъектілік құқық ретінде.

Табиғи ресурстарға меншік құқығының объектілік түсінігі – бұл меншіктің табиғи ресурстарымен қатынастарын реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

ҚР Конституциясының 6 бабында көрсетілгендей: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін».

Сонымен бірге, жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заң актілерінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы да мүмкін.

Меншік құқығына қысқаша анықтама беріп кетсек. ҚР Азаматтық Кодексінің 188 бабы бойынша меншік құқығы дегеніміз - субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Табиғат ресурстарына меншік құқығының мазмұны жоғарыда аталған үш заңдылық болып табылады: *иелену*, *пайдалану* және оған *билік ету* құқығы.

- Иелену құқығы табиғат объектілеріне нақты иеленуді жүзеге асырудың заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады.

- Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін.

- Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі. Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты

өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы туындауының және тоқтатылуының негіздері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен анықталады және қандай да бір объектінің кімдерге тиесілі болуына тікелей байланысты болады. Табиғи ресурстарға меншік құқығы келесі жолдар арқылы туындайды:

1. Меншік құқығын табыс ету;
2. Меншік құқығын басқаға беру;
3. Меншік құқығының әмбебап құқық мұрагерлігі.

Меншік құқығын табыс ету табиғи ресурстарының нысаналы мақсатын ескере отырып, мемлекеттік органдардың актілері арқылы жүзеге асырылады. Демек тұлғаға табиғи ресурстарға меншік құқығы тікелей мемлекеттен табысталады. Ал меншік құқығын басқаға беру – ол азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде бір тұлғадан, келесі бір тұлғаға өтуін айта кетсек болады. Табиғи ресурстарға меншік құқығының әмбебап құқық мұрагерлігі арқылы көшуі, мұраға алу және заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуын айтсақ болады.

Меншіктің басты элементі нақты субъектіге жататындығы болып табылады, сондықтан да меншік нысандары атап айтқанда олардың субъектісі бойынша болады. Мысалы азаматтық құқық нормаларына сәйкес меншіктің екі нысаны болады: 1) мемлекеттік меншік, оның өзі республикалық және коммуналдық меншіктен тұрады; 2) жеке меншік, яғни азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігі. Сонымен, табиғи ресурстарға меншік құқығының субъектілері: бірінші кезекте мемлекеттің өзі, одан әрі жеке және заңды тұлғалар. Мемлекеттік меншікті жүзеге асыру жоғарыда аталған үш элементтен: иелену, пайдалану және билік ету құқықтарынан тұрады. Ал кейбір авторлар, мемлекетті меншік иесі ретінде тек иелену және билік ету құқықтарын жүзеге асыратынын айтады. Мысалы О.И. Карасев «мемлекет әрқашан өзіне тиесілі пайдалану құқығын басқа тұлғаларға табыс еткендіктен мемлекеттік меншік құқығы үш емес екі элементтен тұрады. Ол иелену және билік ету құқығы» деп көрсетеді<sup>1</sup>.

Елімізде барлығымызға мәлім жерге жеке меншік енгізілді, сөйтіп меншіктің сан алуан нысандары заң актілерімен баянды етілді. Жерге жеке меншік құқығы дегеніміз не? Осыған тоқталып өтсек. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 12 бабының 23 тармағына сәйкес, жер учаскесіне жеке меншік құқығы - азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың өздеріне тиесілі жер учаскесін осы Кодексте белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы.

Жерге жеке меншік құқығының объектісі болып белгілі бір мақсаттарға арналған жер учаскелері табылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 23 бабының 2 тармағына сәйкес, шаруа немесе

---

<sup>1</sup> Карасев О.И. Природные ресурсы России: Комментарий законодательства. – М., 2002. С.31.

фермер қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) мен олардың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін. Және азаматтарға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жерлер, өндірістік, өндірістік емес құрылыстарға, жеке ғимараттар, әртүрлі мекемелдер салуға беріледі. Бұл жерде мынандай ереже бар: ғимараттарға, үйлерге, кешендерге, меншік құқығы сол сияқты, жерге меншік құқығы болады және керісінше. Осы құқықтар бір-бірінен бөлінбейді. Сондықтадан егер сатып алатын болсаңыз онда ақшаны сол үй тұрған жерді сатып алуға беру керек.

Жер кодексінде көрсетілгендей, мынадай жер учаскелері:

- қорғаныс және мемлекеттік қауіпсіздік, мемлекеттік меншіктегі қорғаныс өнеркәсібі қажеттеріне; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету үшін тұрғызылған инженерлік-техникалық құрылыстар, коммуникациялар орналасқан; кеден қажеттеріне арналған жер учаскелері;

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;
- орман қорының жері;
- су қорының жері;
- магистральдық темір жол желілері мен ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары;

- жеке меншік құқығындағы үйлер мен ғимараттардың және оларға қызмет көрсетуге қажетті жер учаскелерін қоспағанда, елді мекендердегі ортақ пайдаланудағы аумақтар орналасқан жер учаскелері жеке меншікте бола алмайды.

Жерге билік ету құқығы - мемлекеттің Қазақстан Республикасы аумағындағы жердің заңдық тағдырын айқындаудағы заңмен қамтамасыз етілген құқығы, сондай-ақ жердің жеке меншік иесінің өз жер учаскесіне қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған мәмілелер жасасуға құқығы. Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік құқығын объективті және субъективті мағынада қарастыруға болады.

Объективті құқық ретінде табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік құқығы – табиғи ресурстардың мемлекетке қажеттілігін бекітетін, сонымен қатар оларды иелену, пайдалану және билік етуді реттеуші және меншік иесі құқығын қорғау мен күзету шараларының жиынтығын қарастыратын құқықтық нормалардың жиынтығы.

Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншіктің субъективті құқығы – бұл мемлекеттің тәуелсіз әрі қажеттілігіне қарай табиғи ресурстарды иелену, пайдалану және билік ету мүмкіндігі.

Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік құқығының объектісі болып жер, жер қойнауы, сулар, өсімдік және жануарлар әлемі, өзге де табиғи ресурстар табылады. Сонымен қандай табиғи ресурстар жеке меншікте, ал қандай объектілер тек мемлекетке тиесілі болатыны аталып көрсетілді.

Жалпы табиғи ресурстарды келесідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Сарқылмайтын объектілер – бұл кемшілігі жуық уақыт аралығында күтілмейтін табиғи ресурстар (күн энергиясы, атмосфералық ауа, жел энергиясы т.б.). Сарқылмайтын ресурстар мыналарға бөлінеді:

а) жаңартылатын, яғни қалпына келтірілген табиғат ресурстары (өсімдіктер, жануарлар);

б) жаңартылмайтын, яғни жуық болашақта қалпына келтірілмейтін табиғат ресурстары (пайдалы қазындылардың көпшілігі);

в) ауыстырылатын (мысалы, көмір күн энергиясымен ауыстырылуы мүмкін)

г) ауыстырылмайтын (су, ауа).

2. Сарқылатын объектілер – бұл босалқылары толық жойылу қатерінде тұрған табиғат ресурстары.

Табиғат объектілері қоршаған ортадан бөлінбейтін белгісімен сипатталады. Егер, бөліну бола қалса, айталық ағаш кесілетін болса, онда табиғат объектісіне құқық тоқтатылады, сөйтіп тауар құндылығына меншік құқығы туындайды. Бұдан басқа табиғи ресурстарға меншік құқығы тек табиғаттың заттай және көрнекті объектілеріне туындайды. Сондықтан, атмосфералық ауа, күн және жел энергиясы сияқты табиғаттың объектілері кімнің болса да меншігінде бола алмайды.

## 2. Қазақстан Республикасындағы табиғатты пайдалану құқығының түрлері.

Экологиялық құқықтың аса күрделі және көпжақты институттарының бірі табиғат пайдалану құқығының институты болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес меншік құқығы тек жер қорына ғана қолданылады; жер қойнауы, су, орман, жануарлар дүниесі, атмосфералық ауа тек пайдалану құқығында ғана беріледі. Сондықтан экологиялық қатынастардың аса көп мөлшері табиғат пайдалану институтына қатысады.

Объективтік мағынада табиғатты пайдалану құқығы табиғатты пайдаланушылардың міндеттері тек құқықтарын, табиғат ресурстарын пайдалану жағдайы мен тәртібін реттейтін құқықтық норма жиынтығын құрайды.

Субъективтік мағынада табиғатты пайдалану құқығы экологиялық заңнамамен белгіленген нақты табиғат пайдаланушыға оның табиғи ресурсты пайдалану мен иелену бойынша құқықтар жиынтығы.

Табиғатты пайдалану құқығының объектісі болып табиғи ресурстар – жер учаскелері, сулар, өсімдіктер мен жануарлар әлемі табылады.

Кейбір авторлардың ойы бойынша табиғи ресурстарды келесідей жіктеуге болады:

А) өндіріс құралдары ретінде (мысалы: жер учаскелері);

Б) қажетті құндылықтар қоймасы ретінде (мысалы: жер қойнауы учаскелері);

В) адамзат қызметтерін дамытуға бағытталған операциялық базис ретінде (мысалы: өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлері);

Г) кеністік ретінде (мысалы: жер асты сақтау үшін)<sup>2</sup>.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің 1 бабының 71 тармағына сәйкес табиғат пайдаланушы - табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Табиғатты пайдаланушылар *тұрақты және уақытша, бастапқы және кейінгі* болып бөлінеді.

*Тұрақты табиғат пайдаланушыларға* табиғатты пайдалану құқығы мерзімсіз сипатқа ие адамдар жатады. *Уақытша – табиғаты пайдалану құқығы* белгілі бір мерзіммен шектелген.

*Бастапқы табиғат пайдаланушы* – бұл мемлекеттен не басқа бастапқы табиғат пайдаланушылардан бұл құқықты айыру тәртібімен табиғат пайлану құқығын алған тұлға. *Кейінгі табиғат пайдаланушылар* – бұл, келісім - шарт негізінде бастапқы табиғат пайдаланушыдан, осы мәртебісін сақтап қалатын уақытша табиғат пайдалану құқығын алған тұлға.

Жоғарыда аталған пайдаланушылардың түрлерінен басқа С.Д. Бекішева пайдаланушылардың екі түрін көрсетеді. Олар: *ұлттық табиғатты пайдаланушылар және шетелдік табиғатты пайдаланушылар*.

<sup>2</sup> Право природопользование в ССР. – М.: Наука, 1990. С.41.



*Ұлттық табиғатты* пайдаланушыларға ҚР азаматтары және Қазақстандық заңды тұлғалар ішінде шетелдік қатысумен, ал *шетелдік табиғатты* пайдаланушыларға – шетел азаматтары, шетелдік заңды тұлғалар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар жатады<sup>3</sup>.

Табиғатты пайдалану құқығының мазмұны – бұл заңда көзделген тәртіпте табиғатты пайдаланушыларға ұсынылған және өзара байланысты табиғат ресурстарын иелену және пайдалану құқығының жиынтығы. Табиғатты пайдалану құқығының мазмұны табиғатты пайдалану құқықтары мен міндеттерін құрайды. Бүкіл табиғатты пайдаланушылар үшін жалпы құқық болып:

- табиғи ресурстарды мақсатқа сай қолдану құқығы;
- өзінің шаруашылық және басқа қызмет әдісін өз еркімен таңдау құқығы;
- мемлекеттік мүддесі үшін табиғи ресурсты алып қоюға байланысты келтірілген зардапты төлеттіруге құқығы;
- табиғи ресурстарды қолдану барысында заңсыз кедергілерден қорғану және т.б.

Табиғатты пайдаланушылардың міндеттері:

- табиғи ресурстарды мақсатқа сай және оларды беру шарттарымен қолдануға;
- шаруашылық және басқа да қызметтерге белгіленген экологиялық талаптарды, әрекетті стандарттарды, техникалық шарттар мен қоршаған орта сапасы нормативтерін сақтауға;
- берілген табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға қоршаған ортаға залал келтірмеуге және басқа табиғат пайдаланушылардың құқығын бұзбауға;
- қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды қайта жаңғырту бойынша белгіленген тәртіпте шаралар өткізуге;
- табиғи ресурстарды қолданғаны, қоршаған ортаны ластанған, табиғи ресурстарды қорғау және қайта жаңғырау үшін өз уақытында белгіленген төлем төлеуге;
- қоршаған ортана қорғау аясындағы бақылауды жүзеге асырушы органдардың талабы бойынша қажетті ақпараттар ұсынуға;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

Қолданылатын табиғи объектілердің түрлері бойынша **табиғатты қолдану құқығы:**

1. жер пайдалану құқығы
2. су пайдалану құқығы
3. орманды пайдалану құқығы
4. жер қойнауын пайдалану құқығы
5. жануарлар әлемін пайдалану құқығы
6. атмосфералық ауаны пайдалану құқықтарына бөлінеді.

<sup>3</sup> Бекишева С.Д., Экологическое право РК: Уч. Пособие. – Караганда 2009. С.87.

**1. Жер пайдалану құқығының түрлері қолдану мақсаты бойынша нақты түрлерге бөлінеді:**

- Жер пайдалану құқығы
- ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану
- елді мекендердің жерлерін пайдалану
- өнеркәсіптік жерлерді пайдалану
- кәсіптік
- байланыс
- қорғаныс
- орман
- су қорларының жерлерін пайдалану құқығына бөлінеді.

**2. Жер қойнауын пайдалану құқығы:**

- жер қойнауын, барлауды, пайдалы қазбалар олжаларын мемлекеттік геологиялық оқып білу үшін пайдалану
- құрылыс және барлау және пайданы қазбалар олжасымен байланысты емес жер асты құрылыстарын пайдалану құқығына бөлінеді.

**3. Суды пайдалану құқығы:**

- халықтың ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерін
- ауыл шаруашылығын
- өнеркәсіптің
- гидроэнергетиканың
- су көлігінің судағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін
- сауықтыру және рекриациялық мақсаттар үшін
- балық, аң аулау шаруашылық қажеттіктері үшін
- қорықтандыру үшін
- тұрып қалған суды тастау үшін
- өртке қарсы қажеттіліктер үшін суды пайдалануға бөленеді.

**4. Орманды пайдалану құқығы келесі түрлерге бөлінеді:**

- тұрлаусыз орман материалдың қабығы
- ағаш үгінділерінен, кесінділерінен жиһаздар дайындау
- жанама орман пайдаланулар
- мәдени сауықтыру
- ғылыми зертеу мақсатында
- аң аулау шаруашылығы үшін пайдалану.

**5. Жануарлар дүниесін пайдалану құқығы бұл:**

- аң аулау
- балық аулау
- аң аулау және балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарында қолдану
- жануарларды ғылыми
- мәдени-көркейту
- тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда қолдану

- жануарлардың қасиеттеріне байланысты олардың өмір сүру азық-түліктерін қолдану.
6. **Атмосфералық ауаны қолдану құқығын** атмосфералық ауаны
- өндірістік қажеттіліктер үшін қолдану құқығына
  - ластайтын заттарды тастау үшін атмосфералық ауамен қолдану құқығына бөлуге болады.

Табиғатты пайдалану тәсілі бойынша табиғатты пайдалану құқығын айналадағы қоршаған ортадан табиғи ресурстарды алумен жүзеге асырылатын және айналадағы қоршаған ортадан табиғи ресурстарды алусыз жүзеге асырылатын табиғатты пайдалану құқығына бөлінеді.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің 10 бабына сәйкес табиғатты пайдалану құқығы екі түрге бөлінеді: *жалпы* және *арнайы*. Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол беріледі.

Табиғатты арнайы пайдалану құқығы объективтік мағынада экономикалық, мәдени - сауықтыру, рекриациандық, қоғам мен азаматтардың басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарды ерекше қолдануға беру және оларды алу тәртібін реттейтін нормалар жиынтығы.

Табиғатты арнайы пайдалану құқығы субъективтік мағынада экономикалық, мәдени-сауықтыру, рекриациялық және басқа қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін табиғатты қолданышыға берілген табиғи ресурстарды иелену және пайдалану құқығы. Арнайы табиғатты пайдалану құқығын бірнеше белгілер бойынша түрлерге саралауға болады.

Субъектісі бойынша табиғатты пайдалану құқығы тікелей (табиғи ресурстың өз иесімен жүзеге асырылатын) және жанама (табиғи ресурсты қолдануға беру негізінде, табиғи ресурстың иесі емес тұлғамен жүзеге асырылатын) болып бөленеді.

Табиғатты пайдалану құқығы әр түрлі негіздері бойынша тоқтатылуы мүмкін.

Табиғатты пайдалану құқығынан айырудың жалпы негіздері:

- табиғатты пайдаланудан табиғатты пайдаланушы өз еркімен бас тартуы;
- табиғи ресурсты мемлекеттің қажеттіліктері үшін алып қою;
- табиғатты пайдалануға берілген мерізімнің аяқталуы;
- осы табиғи ресурсты қолдану аумағында өмір сүретін адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп тууы;
- табиғатты қолданушының табиғи ресурстарды қолдану ережелерін жүйелі түрде бұзуы;
- табиғатты пайдаланушының табиғи ресурсты заңда көзделген және рұқат беру мерізімі ішінде пайдаланбауы;
- табиғатты пайдаланушы – заңды тұлғаның жойылуы;
- табиғатты пайдаланушы – жеке тұлғаның қайтыс болуы;

- табиғатты пайдалану үшін белгіленген төлемдерді жүйелі түрде төлемеуі;
- туындаған кезде табиғатты пайдалану құқығын тоқтататын табиғатты пайдалануға рұқсат беруде келісілген басқа жағдайлардың пайда болуы
- (арнайы рұқсаттар ) құқығына бөлуге болады.

Мемлекет өзінің барлық тарихи даму кезеңінде табиғи ресурсқа меншік құқығын қорғауда ерекше назар аударған. Табиғи ресурстарға меншік құқығын қорғау деп, табиғи ресурстарға меншік құқығының мемлекет айқындаған тәртібі және табиғи ресурстардың меншік иелері мен мемлекеттік құқықтарын қорғауға бағытталған қызмет танылады. Бұл қызметке табиғатты пайдалануды, табиғи ресурстарға меншік құқығын алу мен жою тәртібіне бақылау мен қадағалау жүргізу; ескерту мен алдын-алу тұмыстарын күшейту; экологиялық заңдылығын сақтаулық және қолдануын жақсарту; табиғи ресурстарға меншік құқығын бұзғаны үшін заңды жауаптылық қолдану бойынша шаралар кіреді.

Табиғи байлықтарға меншік құқығының болуы мүмкін бұзушылық түрлері негізінен Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде, Қазақстан Республикасының азаматтық кодесінде көрсетілген.

Оларға жерді алып – сату немесе жер учаскесін өз еркімен алу; жер қойнауын өз еркімен пайдалану; өз еркімен су объектілерін иелену; өз еркімен су пайдалану; өз еркімен су пайдалану құқығын; орман пайдалану құқығын, жануар дүниесі объектілерін және т.с.с. пайдалану құқықтарын асыра пайдалану.

Табиғи ресурстарға меншік құқығын қорғау тек жауапкершілік шараларымен ғана емес сондай – ақ ескерту, алдын алу, адамдарды табиғатқа, оның құндылықтарына ұқыпты қарау секілді тәрбиелік шаралар жүргізіледі. Қорғау қызметінде ішкі істер органдары маңызды рөл атқарады. Табиғи ресурстарға меншік құқығын қорғау міндеттілігі Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Ішкі істер органдары туралы» заңынан туындайды.

Бұл міндеттерді шешу кезінде ішкі істер органдары толықтай шаралар жүйесін қолданады, оның ішінде ескерту – алдын алу сипатындағы, сондай – ақ мәжбүрлеу шаралары кіреді.

*Ескерту* – алдын алу шараларына қарауларды, заңнамаларды сақтау айларын жүргізу, табиғи ресурстарды пайдалануды тексеру, құқықтық білімдерді насихаттау кіреді.

*Мәжбүрлеу* шараларына келетін болсақ, оларға: әкімшілік ескерту шығару, құқық бұзушылықтың жолын кесу, табиғатты қорғауға байланысты бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, заңды жауапкершілік шараларын қолдану кіреді.

*Әкімшілік ескерту* табиғат ресурстарына меншік құқығы айқын бұзылған жағдайда қолданылады. Бұл жағдайларда ішкі істер органдары сол кәсіпорынға, мекемеге, лаузымды адамға және азаматқа қатысты нұсқауларды, талаптарды немесе алдын ала жазбаларды қолданады.

Егер бұл бұзушылықтар қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын болса, олар ішкі істер органдарының анықтама немесе мемлекетпен меншік иесінің дәл сол құқықтары жүзеге асырылады: иелену құқығы, пайдалану және билік ету құқығы.

Мемлекет өзінің барлық тарихи даму кезіңінде табиғи ресурсқа меншік құқығын қорғауда ерекше назар аударған. Табиғи ресурстарға меншік құқығын қорғау дәл, табиғи ресурстарға меншік құқығының мемлекет айқындаған тәртібі және табиғи ресурстардың меншік иелері мен мемлекеттік құқықтарын қорғауға бағытталған қызмет деп танылады. Бұл қызметке табиғатты пайдалануды, табиғи ресурстарға меншік құқығын алу мен тәртібіне бақылау мен қадағалау жүргізу; ескерту тек алдын – алу жұмыстарын күшейту; экологиялық заңнамалардың орындаруын, сақталуын және қолдануын жақсарту; табиғи ресурстарға меншік құқығын бұзғаны үшін заңды жауаптылық қолдану бойынша шаралар кіреді.

Табиғи байлықтарға меншік құқығын болуы мүмкін бұзушылық түрлері негізінен Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде, әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде, азаматтық кодексінде көрсетілген.

Оларға жерді алып – сату немесе жер учаскесін өз еркімен алу; жер қойнауын өз еркімен пайдалану; өз еркімен су объектілерін иелену өз еркімен су пайдалану; өз еркімен су пайдалану құқығын; орман пайдалану құқығын, жануар дүниесі объектілерін және пайдалану құқықтарын асыра пайдалану немесе алдын алу тергеу жүргізу арқылы жолы кесіледі. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талапты орындамай, өз құрылыстарын тоқтатпаумен қатар, өз құрылыстарын өз күштерімен өз есебінен бұзбаса ішкі істер органдары өз еркімен салған құрылыстарды жою тұралы әкімшілік шешімінің орындалуын өткізу жөнінде қажетті іс әрекеттер жасайды.

Жоғарыда айтылып кеткендей ішкі істер органдарының бөлімшелері аса маңызды қызметтерді, атап айтқанда экологиялық құқықтағы меншік құқығын қорғауда ерекше орын алатын органдардың қатарына жатады. Ішкі істер органдарының экологиялық қызметтеріне келесілер жатады:

- қоршаған ортаны қорғау
- экологиялық құқық бұзушылық және экологиялық қылмыспен күрес
- өрт қауіпсіздігін қамтамсыз ету
- рұқсат беру қызметі: (аң аулау қаруына рұқсаттар беру т.б.)

Аталған қызметтердің барлығы ішкі істер органдарының бөлімшелерінің құзыретіне жататындығы барлығымызға мәлім. Сонымен қатар ішкі істер органдарының қызметкерлері құқық қорғау қызметінен тыс өздері қоршаған табиғи ортаның объектісі, яғни табиғи ресурстарды пайдалатын субъекті болады. Пайдаланушы ретінде ішкі істер органдары жер, орман, су, жер пайдалану, жануарлар дүниесін қорғау, атмосфералық ауаны қорғау, заңнамаларын басшылыққа ала отырып, қатаң сақтауға міндеттенеді. Барлық субъектілер тәрізді ішкі істер органдары табиғат пайдалану құқығын бұзғаны үшін меншік құқығын қорғау заңнамасына сәйкес мүліктік жауапкершілікке тартылады. Басқа да мекемелер тәрізді ішкі істер органдары өзінің алып жатқан жер учаскесі бойынша экологиялық қадағалауға жатады. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген реттерде ішкі істер органдарының қызметкерлері: азаматтардың

қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды алдын алады; қылмыстарды ашады; қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді; заңды тұлғалар, азаматтар және мемлекеттік қызметкерлердің құқықтарын және заңдық мүдделерін қорғауға атсалысады. Осы қызметтерді табиғи ресурстарға меншік және табиғатты пайдалану құқықтарын қорғау бойынша тұжырымдайтын болсақ: азаматтардың табиғи ресурстарға меншік және пайдалану құқықтарымен қамтамасыз ету туа біткен құқық ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы болып табылады.

Осымен табиғи ресурстарға меншік құқығын бұзуда заңсыз және өз ерікті әрекеттердің жолын кесіп, ішкі істер органдары қызметкерлері табиғат қорғау қызметіне өз үлесін қосады.

## Қорытынды

Қорытындылай келе табиғи ресурстарға меншік құқығы және табиғатты пайдалану құқығын айтатын болсақ. Табиғи ресурстар –бұл қоршаған ортаның құрамдас бөліктері. Меншік құқық, Қазақстанның заңнамасы бойынша, қоршаған табиғи ортаның табиғи ресурстарға жататын бөлігіне қатысты ғана белгіленуі мүмкін, ол бұл ортаның басқа объектілеріне қатысты белгіленбейді. Соңғылар заңның қорғауында болады, ал меншік құқығы және пайдалану құқықтары табиғи ресурстарға ғана белгіленеді. Негізгі заттық құқық ретінде меншік құқығы танылады, ол өз мәні жағынан әрқашан да мүлдітік құқық болып табылады. Табиғи ресурстарға меншік құқығында заттық құқық ретінде бірқатар ерекшеліктер бар. Бұл ерекшеліктері субъектілерге, объектілерге, табиғи ресурстарға меншік құқығын қорғауға және мазмұнына қатысты, ал бұл ерекшеліктер кейде табиғи ресурстардың түрлеі мен меншік түрлеріне қарай жіктеледі. Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік құқығының объектісі тек табиғи ресурстар, олар табиғи ортаның құрамдас бөліктері, одан бөлініп алынбайды. меншік құқығының объектісі болып табылатын табиғи ресурстарды табиғи ресурстардың табиғи ортадан бөлінген бөліктерімен шатастыруға болмайды. Табиғи ресурстардың заң жүзінде басқа сипатқа ие болған бұл бөліктеріне табиғи ресурстардың өздеріне қарағанда мүлде басқа құқықтық режим белгіленуі мүмкін. Мысалы, минералдық шикізат, яғни жер қойнауының жер бетіне көтерілген бөлігі, немесе техногендік минералдық құрылымдар (тау, байыту, металлургия және басқа өндіріс қалдықтары), егер контрактыда басқадай көзделмеген болса, меншік, шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқығында жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі болуы мүмкін. Табиғи ресурстарға оралымды басқару құқығы мен шаруашылық жүргізу құқығы ешқашан белгіленбейді. Ал, табиғи ресурстарға жеке меншік құқығын алатын болсақ, жеке меншік иесіне барлық табиғи ресурстардан тек жер ғана тиесілі болуы мүмкін. Табиғи ресурстарға қатысты маңызды және арнайы заттық құқық ол- табиғатты пайдалану құқығы(табиғи ресурстарды пайдалану құқығы). Оны меншік иесінің табиғи ресурстарды пайдалану құқығымен шатастыруға болмайды: бұлар құқықтың бөлек екі түрі. Пайдалану құқығын, өз өкілеттігінің бірі ретінде, меншік иесі өзінің меншігіндегі табиғи ресурстарға қатысты жүзеге асырады. Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы, әрқашанда, пайдаланушының меншігіндегі ресурстарға қатысты емес, құқықтың басқа субъектісінің, негізінен мемлекеттің меншігіндегі ресурстарға қатысты жүзеге асырылады. Тек жер учаскесін пайдалану құқығы ғана мемлекеттік те, жеке де меншіктегі жерлерге қатысты болуы мүмкін.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 2007 жылғы 9 қаңтар.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (1994 ж. 27 желтоқсан) (Қазіргі уақыттағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) (1999 ж., 1 шілде, № 409) (Қазіргі уақыттағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
4. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. 2003 ж. 20 маусым. (Қазіргі уақыттағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
5. Қазақстан Республикасының Орман Кодексі. 2003 жылғы 8 маусым (Қазіргі уақыттағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
6. Қазақстан Республикасының Су Кодексі. 2003 жылғы 9 маусым. № 481 (Қазіргі уақыттағы берілген өзгерістер мен толық.)
7. «Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы (Қазіргі уақыттағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
8. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 маусымдағы Заңы. (Қазіргі уақыттағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
9. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы 2014 жылғы 23 сәуірдегі заңы
10. Д.Л.Байділдинов ҚР экологиялық құқығы. Оқу құралы – Алматы: Қазақстандағы СКЗҚҚ «Интерлигал» баспа орталығы, 2005 ж.
11. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан. - Алматы, 1996 ж.
12. Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан. - Алматы: Борки, 1997 ж.
13. Боголюбов С.А. Экологическое право. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. –М: Норма баспасы, 2000 ж. - 448 б.
14. Бринчук М.М. Экологическое право России (Право окружающей среды). - М.: Юристъ, 1998 ж.
15. Бекишева С.Ж. Экологическое право Республики Казахстан// Қарағанды: Арко-2001 ж.
16. Петров В.В. Экологическое право России М.: Изд. БЕК-1995 ж